

Кисметова Г.Н.<sup>1</sup>, Насимуллина А.Б.<sup>1</sup>, Полянина О.Г.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті  
Қазақстан Республикасы, Орал

## БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ САПАЛАРЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

### Аңдатпа

Мақала бірінші сынып оқушыларының мінез-құлықтық сапалары қалыптасуының психологиялық ерекшелігін, оның ішінде оқу үлгеріміне әсерін қарастырған. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді толық қамти отырып, өзіндік талдау жасалынған. Авторлар бірінші сынып оқушыларының мінез-құлықтық сапалары қалыптасуының негізін құрайтын және оқу үлгеріміне әсер ететін құлықтық-еріктік сапаларының деңгейін теориялық деңгейде жан-жақты қарастыра келе, ұжымдық, ізгілік, мейірімді мінез-құлық, әдептілік қасиеттері арқылы анықтауға болатынын, оның тиімді жолдары мен әдістемесін тұжырымдалған. Тәжірибелік-зерттеу жұмысы негізінде сабақтан және сыныптан тыс жұмыстар сағаттарда бірінші сынып оқушыларының құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді және ойын-жаттығуларды қолдану арқылы оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жұмысы ашылған.

**Түйінді сөздер:** бірінші сынып оқушылары, мінез-құлық сапалары, қалыптасу, психологиялық ерекшелігі, ұжымдық, ізгілік, мейірімді мінез-құлық, әдептілік.

Кисметова Г.Н.<sup>1</sup>, Насимуллина А.Б.<sup>1</sup>, Полянина О.Г.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский университет имени Утемисова  
Республика Казахстан, Уральск

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПОВЕДЕНЧЕСКИХ КАЧЕСТВ ПЕРВОКЛАССНИКОВ

### Аннотация

В статье рассмотрены психологические особенности формирования поведенческих качеств первоклассников, в том числе ее влияние на успеваемость. Проведен самоанализ с полным охватом научно-исследовательской работы, научно-методической литературы по теме исследования. Авторы сформулировали эффективные пути и методологию формирования у первоклассников поведенческих качеств, которые можно определить через коллективные, доброжелательные, доброжелательные черты характера, этические качества, всесторонне рассмотрев на теоретическом уровне уровень волевых качеств, лежащих в основе формирования их поведенческих качеств и влияющих на успеваемость. На основе опытно-исследовательской работы раскрыта работа по методическому обеспечению повышения успеваемости учащихся через использование приемов и игр-упражнений, формирующих урочно-волевые качества первоклассников на уроках урочной и внеклассной работы.

**Ключевые слова:** первоклассники, качества поведения, сформированность, психологические особенности, коллективность, гуманность, доброжелательное поведение, порядочность.

*Kismetova G.N.<sup>1</sup>, Nassimullina A.B.<sup>1</sup>, , Polyanina O.G.<sup>1</sup>.*

*<sup>1</sup>The West Kazakhstan university named after M. Utemisov  
The Republic of Kazakhstan, Oral*

## **PSYCHOLOGICAL FEATURES OF THE FORMATION OF BEHAVIORAL QUALITIES OF FIRST GRADERS**

### *Annotation*

*The article examines the psychological features of the formation of behavioral qualities of first-graders, including its impact on academic performance. Self-analysis with full coverage of research work, scientific and methodological literature on the research topic was carried out. The authors formulated effective ways and methodology for the formation of behavioral qualities in first-graders, which can be determined through collective, benevolent, benevolent character traits, ethical qualities, comprehensively considering at the theoretical level the level of volitional qualities underlying the formation of their behavioral qualities and affecting academic performance. On the basis of experimental research work, the work on methodological support for improving student academic performance through the use of techniques and games-exercises that form the strong-willed qualities of first-graders in the lessons of scheduled and extracurricular work is disclosed.*

**Keywords:** *first-graders, qualities of behavior, formation, psychological characteristics, collectivity, humanity, benevolent behavior, decency.*

### **Кіріспе**

Бүгінгі таңдағы күрделі әлеуметтік және экономикалық, техника мен технологияның жедел өзгеру жағдайында интеллектуалды еңбекке қабілетті және қоршаған ортаны шығармашылық тұрғыда жаңарта алатын әлеуметтік-белсенді тұлғаны дамыту ерекше маңызға ие. Соған байланысты білім беру жүйесін жаһандандыруды жүзеге асыру бойынша маңызды міндеттерді белгілеген. Білім беруді жаһандандыру – бұл еліміздің дамуын қамтамасыз ететін саяси және жалпы ұлттық міндет. Білім беуді жаһандандырудың мақсаты – бұл білімнің заман талабына сай сапасын қамтамасыз ету негізінде білім беру жүйесінің тұрақты даму механизмін құру. Білім беруді нәтижелі жаһандандыру оны негізі сақталып, мемлекеттің, қоғам мен жеке тұлғаның өзекті және перспективті қажеттіліктеріне сай болған жағдайда ғана мүмкін [1].

Бүгінгі таңда бастауыш мектеп жаһандану және білім берудің мазмұнын жаңарту кезеңінде. Дәстүрлі мектептерде бұрын бар бастауыш білім берудің моделі жаһандану үрдісін талап етіп отыр, өйткені ондағы сабақ жүктемелері оқушылардың жалпы дамуына кедергі болып, балалардың денсаулығына жағымсыз әсер етеді. Яғни, ақапараттың көптігі сәйкесінше, тұлғаның шынайы даму мүмкіндігінің және олардың негізгі қабілеттері мен құзыреттіліктерінің қалыптасу міндеттеріне толық жауап бермейді. Білім беруді жаһандандыруға қатысты құжаттарда тәбиелеу-білім беру үрдісін оқушы тұлғасын дамыту жағдайы және оқу үрдісін ұйымдастырудың сапасын анықтайтын оқу үлгерімінің деңгейін арттыру ретінде жетілдіру маңыздылығы белгіленген. Бұнда басты маңызға ие мәселе -бұл бірінші сынып оқушыларының мінез-құлықтық сапалары қалыптасуының психологиялық ерекшелігін ескеру. Бұл мәселе қашан да өзекті. Өйткені оқу үлгерімі физиологиялық, әлеуметтік, ақыл-ой және құлықтық-еріктік жетілуінің көрсеткіші болып табылады. Оқу үлгерімінің дамуы қарапайым ұғымдардың, ойлау операцияларының, қарым-қатынас және пәндерді жекелендіру, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бағалау дағдыларының қалыптасу және баладағы еріктің даму деңгейімен шартталған [2].

## Әдебиеттерге шолу

Тұлғаның оқу ақпараттарын игеруге, оқу әрекетін орындауға, сонымен қатар, оқу материалын есте сақтауға, міндеттерді, әр түрлі білім бақылаулары мен өзін-өзі реттеу әрекеттерін орындауға деген жеке мүмкіндіктерінің эмпирикалық сипаты оқу үлгерімі болып табылады. З.И.Калмыкова көрсеткендей, баланың оқу үлгерімі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол жаңа білімді тез игеріп, оларды жаңа жағдайларда еркін жүзеге асыра алады және ақыл-ойының да дамуы жеделдейді [3].

Балалардың оқу үлгерімінің мәселесі педагогика және психология салалары үшін маңыздыларының қатарынан орын алады. Бұл мәселені зерттеумен Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, Н.А. Менчинская, З.И. Калмыкова, Н.С. Лейтес, Л.А. Венгер және т.б. ғалымдар айналысқан болатын. Қазіргі кезде «оқу үлгерімі» ұғымына көптеген анықтамалар берілген және мектеп жасындағы балалардың үлгерімінің деңгейі мен критерийлері белгіленген. Оқу үлгерімі және оны арттыру үшін жағдай жасау мәселесі бастауыш оқушыларына қатысты әлі де толықтай өңделмей отыр [4]. Әсіресе, бұл оқу үлгерімінің нәтижелілігі баланың оқу әрекетіне зейін аударуын, жетістікке жету үшін оқу әрекетінің дағдылары мен тәсілдерін басқару және оның сапасын өзіндік реттеу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін құлықтық-ерікті сапаларының дамуына тәуелді (Р.А. Агеева, Г.И. Веденева, Г.Н. Волков, И.А. Ильин, Н.М. Трофимова, Ә.И.Шыныбекова, Ә.Ж.Жұмабаев және т.б.) [5].

Кіші мектеп жасы баланың оқу және тәрбиенің өзара әрекеттесуіне, қоршаған әлемді тануына жоғары сезімталдық және сензитивтілік танытатын кезеңі болып табылады. Жеті жасында оқу сапасын қамтамасыз ететін баланың психикалық қызметтері (ойлауы, зейіні, қиялы, есте сақтауы) дамудың жоғарғы деңгейіне жетеді. Тұлғаның жүйекұраушы ядросы кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу үрдісінің нәтижелілігін анықтайтын құлықтық-еріктік сапаларды тәрбиелеу негізіндегі ерік болып табылады (В.А. Иванников, Е.П. Ильин, В.А. Крутецкий, В.И. Селиванов, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.Намазбаева және т.б.) [6-7].

Оқыту әрекетінде оқушыларды құлықтық-еріктік тәрбиелеу мәселесі білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты күрделенді, яғни бұл өзгеріс тұлға құндылығы оның мақсатқа жетудегі жетістігін анықтайтындығынан көрінеді. Біздің ойымызша, бірінші сынып оқушыларының оқу үлгерімінің сапалылығы оқу әрекетінің нәтижесін анықтайтын құлықтық-еріктік сапаларының даму деңгейіне тәуелді. Тұлғаның таным, мәдени-шығармашылық құлықтық өзіндік берілу процесстерінің бірлігіне педагогикалық шеберлік және мұғалімнің шығармашылығы, дер кезінде балаға психологиялық-педагогикалық қолдау және оқушының оқу әрекетінде өзіндік позициясын көрсету іскерлігі арқылы қол жеткізіледі.

Үлгерім мәселесі өте күрделі, оның зерттеуі әртүрлі жағдайларды қарастырады, бірақ олар қарастырылатын мәселенің 2 негізгі аспектілерімен топтастырылады:

- 1) Мұғалім қалай оқытады;
- 2) Оқушы қалай оқиды және оның дамуы қалай жүзеге асады.

Педагогика ғылымының әртүрлі бөліміндегі мамандар бұл мәселеге жан-жақтан көңіл аударады. Сөйтіп дидактиктер негізгі зерттеу объектісін оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері, педагогикалық жағдайды таңдаса, психологтар өз көзқарасын үлгерімі төмен оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне бағыттайды. “Оқушының үлгермеуіне қандай себеп?” деген сұраққа психологиялық зерттеулер жауап береді.

Мұндай зерттеулер үшін дидактикалық негіз А.М. Гельмонттың жұмыстарында көрініс табады. Бұл жұмыста оқушының үлгермеушілік сараптамасы оның себептері беріледі. Гельмонттың салған критерияларының бірі –жағымсыз құбылысты жеңудегі жеңілдік деңгейі. Негізгі мағынада оқушыға байланысты себептер болады:

- 1) Дайындық төмендігі;
- 2) оқуға деген жағымсыз қатынас;
- 3) жалпы даму деңгейінің төмендігі.

А.М.Гельмонт мұғалім мен оқушыға байланысты себептерді тығыз байланыстырады. Оқушының ұзақ үлгермеушілігі моральды және психологиялық карама-қайшылықты тудырады [8].

В.И.Самохвалова балалардың мінез –құлығы мен жеке тұлғаның ерекшеліктері қарастыратын 3 көрсеткішті бөліп көрсетеді:

- 1) оқуға деген қатынас;
- 2) оқу жұмысын ұйымдастыру;
- 3) білім мен білікті ұғыну.

Бүгінгі күнге дейін өз мәнін А.С.Выготскийдің «жақын даму зонасы» да әлі жоғалтқан емес. Мұнда оқушылардың үлкендермен серіктесу жағдайында жүзеге асатын ақыл-ой мүмкіндіктері көрінеді. Оқу ерекшеліктерін сараптауға бағытталған оқу психологиясы бойынша зерттеулерде 2 міндет қойылады.

- 1) Оқушылар өз бетімен жаңа білімді қандай әдіспен алатынын анықтау;
- 2) Оқушыға тапсырманы орындау үшін қажетті көмек түрлерін қалыптастыру.

Басқа сөзбен айтқанда оқу үрдісі оқушының жеке психологиялық қабілетімен, бірге жүреді.

Н.С.Лейтес «ұғынудың психологиялық компоненттері» түсінігін енгізді. Мұнда оқушының жан-жақты психологиялық жақтарының байланысы жүреді. Мұндай компоненттерге жатады:

- 1) оқушылардың оқуға деген жағымды қатынасы;
- 2) материалмен танысу үрдісі;
- 3) алынған материалды белсенді өңдеу үрдісі ретінде ойлау процесі;
- 4) алынған және өңделген ақпаратты сақтау және еске сақтау үрдісі.

Оқу үрдісін сараптай отырып, көптеген психологтар оны басқаруға жеткіліксіз үрдіс екенін айтады. Оқу үрдісін басқарудың маңызды жолы –ұғыну үрдісін арнайы ұйымдастыру. Бұл бағыттағы өңделген оқу жүйесі П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекетінің кезеңмен даму теориясына негізделген. Осы теория бойынша интериоризация әрекет үрдісі жүзеге асады. Осы бойынша оқу үрдісін құрылады. Оқу үрдісін басқарудың басқа мүмкіндіктерін іздеу оқу бағдарламаларының психологиялық негізімен байланысты (Л.Н.Ланда және т.б.). Бағдарламаланған оқуда оқушы алдыңғыға ие болмай, келесі «қадам» жасай алмайды [9].

Оқушы әрдайым ұғынған материал туралы ақпарт береді. Керібайланыс әрдайым әрекет етіп, ұғынудың жеке ерекшеліктеріне сай үрдісті реттеп, әрбір оқушының белсенділігін қамтамасыз етеді. Әрбір оқушы өзіне сай темпте, ритмде, стильде оқытылады.

В.В. Давыдова оқушының ерекше қажеттілігі мен мотивін оның шындыққа деген қатынасы мен бағыты деп атайды. Оқушының алдына оқу міндетін қою –оны жеке және нықты жағдайды шешудегі жалпы тәсілдерін талап ететін ситуацияға енгізу деген сөз. Оқу әрекетінің ең маңызды компонентінің бірі тапсырманы шешу бойынша ерекше әрекет жүйесі болып табылады. Ол нақты жағдайға байланысты келесідей оқу әрекеттеріне бөліп көрсетеді:

- 1) қарастырылып отырған жүйе анықтау үшін ситуацияны қайта жасау;
- 2) бөлінген қатынасты графикалық және белгілер формасында модельдеу;
- 3) жалпы әдістен туындайтын жеке нақты –практикалық міндеттер сериясын құру және бөлу;
- 4) алдын-ала орындалған әрекеті бақылау;
- 5) оқу міндеттерін шешу нәтижесі ретінде жалпы әдістерді ұғынуды бағалау;

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың жан-жақты оқу әрекетін ұйымдастыру тек материалды талдау принципінің негізінде жүзеге асып рухани сананың талаптарымен орындалады. Қазіргі уақытта бұл тек арнайы ұйымдастырылатын жағдайларда ғана жүзеге асуда [10].

50 жылдардың соңында Д.П.Эльконин басты әрекеттің 2 түрін бөлді: «бала-қоғамдық пән» жүйесіндегі әрекет және «бала - үлкендер» жүйесіндегі әрекет. Мұнда адамның өзара қатынасы, нормалары, әрекет мотивтері, мақсаты ұғынылады. Оқу әрекеті пәнде бірнеше

жақтары бөлінетін, аталған және пәндермен әрекеттенетін әдістерді ұғыну жүретін әрекеттер тобына жатады. Оқу әрекетінің ерекшелігі оның оқушыны өзгеру нәтижесі болып табылады. Ұғынушы мазмұнның сипаты ішкі, яғни шындықта өмір сүретін субъектіден тәуелсіз психикалық дамуы болып табылады. Оқу міндеті, оқу әрекеті мен операциялар, оқу әрекетін бақылау және бағалау тәрізді құрылымдық компоненттер бөлінеді [11].

Оқу әрекетін зерттеудегі келесі кезең баланың айналасындағы шындыққа көңіл бөлуі. Бұл келесі түрлерден тұрады:

- 1) параметрлерді бөлу білігінен көрінетін баланың зерттелуші пәнге қатынасы;
- 2) баланың өз әрекетіне өзін-өзі реттеуге қатынасы;
- 3) өз әрекетіне біріккен әрекет ретінде қатынасы;

Өзін -өзі бақылаудың қарапайым және элементтарлы формаларын орындау, өз мінез-құлығын басқару бойынша оқу әрекетін өз бетімен қалыптастырудың маңызды жағдайы болып табылады.

П.П.Блонскийдің зерттеулерінде «ұғыну» түсінігі басты орынға ие. Оның ойынша, білімді ұғыну мәселелерін еске сақтау мәселерімен араластыру дұрыс емес. Ол субъектінің ойлау әрекетін алдын-алып, бірнеше психологиялық үрдістерді енгізетін таным әрекетін құрайтын «ұғыну» терминін білдіреді.

Н.А. Менчинскаяның ойынша, білімді ұғыну тек ойлау үрдісіне қатысып қоймайды. Ұғыну жеке тұлғаның ерекшеліктерімен –оның сезім, ерігімен тығыз байланыста болады. Білімді ұғынуды зерттеу кезінде құбылыстың 3 қатары бөлініп, көрсетіледі:

- 1) өзіндік білім, яғни оқу барысында қалыптасқан нәтиже, өнім;
- 2) белгілі бір нәтиженің көмегімен жететін ойлау үрдісі;
- 3) оқу және тәрбие жағдайдағы оның өмірлік тәжірибесінде қалыптасқан оқушының ойлау әрекетінің арнайы сатысы. Ұғыну оқушы оқу материалдарымен белсенді жұмыс істеп, білімді қолдана білгенде ғана мүмкін.[11].

Жасына сай оқушының таным мүмкіндіктері кеңейеді. Сондықтан ұғынудың кезеңдері мен жастың кезеңдері арасындағы тікелей байланыс туралы сөз болады. Білім ұғыну деңгейі тек жастың даму сатысына емес, сонымен қатар, оқу материалын ұғыну қиыншылық деңгейіне де байланысты. Сөйтіп, білімді ұғыну кезеңін төменнен жоғарыға көтеруде көмек болатын заңдылық –сараптау және талдау заңдылықтары.

Н.Ф.Добрынинмен өткізілген жұмыстар көрсеткендей, мектепте алынған жалпы білім мәні жайменен тұлғаның қызығушылық, қажеттіліктерімен байланысты оқушылар үшін мәнге ие болады. Тек дұрыс ұйымдастырылған білім ғана оқушыларды алынған білімнің мәнін түсініп, оларды өмірге дайындауға әкеледі. Оның зерттеулері көрсеткендей, білім, білік және дағдының мәні оқушылармен түсінілген жағдайда ғана олар үшін түсінікті болып оларда оқуға деген қызығушылығын ашады.

Н.С.Лейтестің айтуы бойынша ақыл-ой дамуы білім көлемі мен ақыл-ой операциясына байланысты емес, оның ойынша ақыл-ой дамуы қабілетке қатысты болып табылады. Ішкі жақындастық ақыл-ой дамуының бірігуі мен ақыл-ой қабілетін байланыстыру мүмкін. Оның ойынша, ақыл ой күшінің өсуі, оқушылардың кіші жасынан жоғарғы сыныпқа көшуіне себеп болады. Тек сандық жақ маңызды емес, сонымен қатар ақыл ойдың сапалық жағы да бар. Ақыл-ой дамуының деңгейі басқа жас ерекшеліктерінен бөлінбей, оларға өзіндік оқу табыстылығына деген тікелей қатынасқа ие.[12].

Л.С.Славинаның ойынша, егер де мұғалім өз оқушыларының жеке қасиеттерін қолға алып, оларға индивидуалды қадамды жүзеге асыратын болса, онда үлгерімдегі ерекшелікті жоюға болады. Әртүрлі оқушыларда әртүрлі себептермен анықталады. Біреулерінде үлгермеушіліктің негізгі себебі оқуға деген қатынастың дұрыс қалыптасуынан болса, екіншілердің үлгермеушілік себебі материалды ұғынудағы әлде қиыншылық болса, үшіншілерінде оқу әрекетінің тәсілдеріне дұрыс ие болмау [12].

Тек оқуда емес, сонымен қатар, мінез-құлықта кемшіліктер – тұлға бағаларының маңызды көрсеткіші. Айтылып өткендей, жұмыстарындағы қателіктерге бағалауы дұрыс

балалар да реакция білдіреді. Олар өз қателерін өзбетімен қызығушылықпен іздесе, бағалауы төмен балалар ештеңе өзгертпестен жұмысын қайта-қайта оқып шығады. Мұғалімнің жағымды қатынасы мен мадақтау, олардың әрекетін көтермелейтін стимул болып табылады. Бұдан бірінші сынып оқушысының құлықтық-еріктік сапаларына әсер болып, оқушы өзінің әрекеттерін өзі реттеуіне мүмкіндік туады.

Бірінші сынып оқушыларының құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыру нобайы келтірілген (Сурет 1).

**Зерттеу әдістері:** теориялық талдау, сауалнама, әңгімелесу, тест, диагностика, ойын-жаттығулар, тәжірибелік -эксперимент жұмысы

### Нәтижелер және талдау

Жоғарыда айтылған мәліметтерді негізгі ала отырып, біз бірінші сынып оқушыларының оқу үлгерімін анықтап, үлгерімді арттыру үшін құлықтық-еріктік сапаларды қалыптастыруды зерттеу жұмысымыздың мақсаты ретінде алынды. Зерттеу жұмысымыздың бұл бөлімі үшін зерттеу базасы Орал қаласы №42 мектеп-гимназияның бірінші сынып оқушыларын зерттелушілер етіп белгіледік. Оларды екі топқа бөлген болатынбыз: эксперименталды және бақылау тобы. Эксперименталды топтың зерттелушілері 17 оқушыдан, ал бақылау тобының зерттелушілері 21 оқушыдан тұрды.

Анықталған зерттелушілердің оқу үлгерімін анықтау үшін оқу журналын және оқу табельдерін қарап, талдаған болатынбыз. Нәтижесінде келесі көрсеткішке ие болдық: эксперименталды топтың оқу үлгерімі жоғары көрсеткіш 20%, орташа – 52%, ал төмен үлгерім оқушылардың 28% байқалды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер сәл өзгереді: жоғары – 22%, орташа – 58%, төмен - 20%.


Ал зерттелушілердің оқу үлгеріміне әсер ете алатын құлықтық-еріктік сапаларының деңгейін теориялық бөлімде *ұжымдық, ізгілік, мейірімді мінез-құлық, әдептілік* қасиеттері арқылы анықтауға болатынын анықтадық. Бұл қасиеттердің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында сынып жетекшілерінің көмегіне жүгінген болатынбыз. Олар сабақ кезінде әрбір оқушыға аталған қасиеттердің тізімі жазылған карточкаларды тағайындап қояды. Сәйкесінше, сабақ кезінде немесе сыныптан тыс сағаттарда оқушыларды бақылау отырып аталған қасиеттер көрінген жағдайда карточкаға белгі салып отырды. Бақылау соңында бірінші сынып оқушыларының эксперименталды тобында ұжымдылық 19%, ізгілік 12%, мейірімді мінез-құлық 32%, ал әдептілік 37% ие болғанын байқаймыз. Бақылау тобында бұл көрсеткіш келесідей сипатқа ие болды: ұжымдылық - 20%, ізгілік - 12%, мейірімді мінез-құлық 35%, ал әдептілік - 33% болды.

Оқушылардың аталған бұл қасиеттерінің көрсеткішін арттыратын болсақ, біз олардың оқу үлгерімін де арттыруға мүмкіндік ала аламыз деген болжам жасай отырып келесі түзету жұмыстарын ұсынамыз. Өйткені егер бірінші сынып оқушылары сабақ кезінде немесе сабақтан тыс уақыттарда ұжымдасып бірге әрекет ететін олардың ынтасы артып, біріккен әрекетке деген ынтасы оянады. Ал ұжымдасып әрекетте бірігу үшін олар мейірімді қарым-қатынас ұстанып, бірінші ойын бірі тыңдап, әдептілік көрсете білу керек. Осы қасиеттерді дамыта отырып, біз оқушылардың құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыра аламыз. Ол үшін зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімінде бірінші сынып оқушыларының оқу үлгерімін арттырудағы құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыру жолдарын қарастыруды талап етті.

Зерттеу жұмысымыздың бұл бөлімінің мақсаты сабақтарда және сыныптан тыс сағаттарда бірінші сынып оқушыларының құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді және ойын-жаттығуларды қолдану арқылы оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету болып табылады.

Оқушылардың оқу үлгерімін арттыру үшін сабақтарда және сыныптан тыс сағаттарда құлықтық-еріктік сапаларды қалыптастырудың жолдарын қарастырдық. Сабақтарында жаңа тақырыпты игеру кезінде және сыныптан тыс сағаттарда тапсырмаға жауап беруде мұқияттылық, жауапкершілік және тағы басқа қасиеттер негізінде құлықтық-еріктік

сапаларды анықтайтын қасиеттерді дамытуды көздедік. Бұл бағытта бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесіп жұмыстандық. Бұл бағытта тәжірибелік кезеңде 1-сыныпта сынып жетекшімен бірлесіп өткізген сыныптан тыс сағаттар кеңінен орын алды. Сонымен қатар, сабақта және сабақтан тыс уақытта балалардың құлықтық-ерікті сапаларын дамытуға арналған ойын-жаттығулар жүргізілді.




**Сурет 1. Бірінші сынып оқушыларының құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыру нобайы**




Осы ойын-жаттығулар мен сыныптан тыс сағаттардың жоспарларының бірінші сынып оқушыларының құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастырудағы нәтижелілігін бағалау үшін қайталау диагностикасын өткізуді жоспарладық.

Зерттеу жұмысымыздың жоғарғы бөлімінде берілген ана тілі сабақтары мен сыныптан тыс сағаттардың жоспарларының нәтижелілігін бағалау үшін қайталау диагностиканы жүргіздік. Ол үшін эксперименталды топ пен бақылау тобының бірінші сынып оқушыларының құлықтық-еріктік сапаларының қалыптасу деңгейін ұжымдық, мейірімді мінез-құлық, әдептілік және ізгілік қасиеттерін қайта бақылау нәтижесінде сурет 4-5 берілгендей көрсеткішке ие болдық.




**Сурет 2. Эксперименттен кейінгі эксперименталды топтың құлықтық-еріктік сапалардың қалыптасу деңгейін бақылаудың нәтижесі**




**Сурет 3. Эксперименттен кейінгі бақылау тобының құлықтық-еріктік сапалардың қалыптасу деңгейін бақылаудың нәтижесі**

Біз зерттеу қорытындысында алынған нәтижелерді (сурет 2-3) талдай келе, сыныпта сыныптан тыс сағаттарда ұйымдастырған жұмыстарымыз эксперименталды топқа өз әсерін тигізіп, құлықтық-еріктік сапалардың қалыптасуында белгілі бір өзгерістер болғандығын байқаймыз. Ал бақылау тобын көрсеткіштер айтарлықтай сол күйінде қалған. Бұндай өзгерістерге қолжеткізе отырып біз енді олардың оқу үлгерімін анықтадық. (Сурет 4-5).



Сурет 4. Эксперименттен кейін эксперименталды топ оқушыларының ана тілі пәні бойынша оқу үлгерімінің көрсеткіші



Сурет 5. Эксперименттен кейін бақылау тобының оқушыларының ана тілі пәні бойынша оқу үлгерімінің көрсеткіші

### Қорытынды

Баланың құлықтық-еріктік сапаларының қалыптасуына байланысты, оның мектептегі оқу үлгерімі, сонымен қатар, алдағы өміріндегі позициясының қалыптасуы жүзеге асады. Балалардың құлықтық-еріктік сапалары кішкентайынан қалыптаспаса, ересектер мен балалар арасындағы дұрыс емес қарым-қатынастың туындауына, шектен тыс қамқорға алу, еріншектің себебіне, өзіне өзі сенбейтін, тәуелді, өзіншіл тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, өз мінез-құлқын басқара білетін, қоғамның талаптарын ұстанатын, кездесетін кедергілерді жеңетін адамды тәрбиелеу үшін оның бойында жинақылық, тәртіптік, табандылық, жауапкершілік, өзбеттілік т.б. құлықтық-еріктік сапаларды қалыптастыруымыз керек. Осы орайда, құлықтық-еріктік сапаларды дамытатын ойын-жаттығулар таптырмас құралдар болып табылады. Себебі ойын-жаттығулардың арнайы ережелері, талаптары баланың бойында осы сапалардың қалыптасуына жағдай жасайды, сондықтан бала ұжымда ойнай жүріп, өзін-өзі ұйымдастыра білуге, мақсатқа бағдарлануға, тапсырмаға берілген уақытты тиімді пайдалануға, жұмыс ырғағын арттыруға, табандылыққа, байқампаздыққа, тез шешім таба білуге үйренеді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысын талдай келе, байқайтынымыз -бұл эксперименталды топтың оқу үлгерімі артуы, демек оқушылардың тәжірибелік жұмыс кезіндегі қалыптасқан құлықтық-еріктік сапаларының оқу үлгеріміне өзіндік әсерін тигізіп отырғандығы. Сәйкесінше оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, ынтасы артқан. Бұл өз кезегінде бірінші сынып оқушыларының оқу үлгерімін арттырудағы құлықтық-еріктік сапаларын қалыптастыру бойынша ұйымдастырған тәжірибелік жұмысының нәтижелі екенін дәлелдейді.

**Қорыта келе**, баланың құлықтық-еріктік сапаларының қалыптасуы ең алдымен, оның мектептегі оқу үлгерімі, сонымен қатар, алдағы өміріндегі позициясының қалыптасуы жүзеге асады. Балалардың құлықтық-еріктік сапалары кішкентайынан қалыптаспаса, ересектер мен

балалар арасындағы дұрыс емес қарым-қатынастың туындауына, шектен тыс қамқорға алу, еріншектің себебіне, өзіне өзі сенбейтін, тәуелді, өзіншіл тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, өз мінез-құлқын басқара білетін, қоғамның талаптарын ұстанатын, кездесетін кедергілерді жеңетін адамды тәрбиелеу үшін оның бойында жинақылық, тәртіптік, табандылық, жауапкершілік, өзбеттілік т.б. құлықтық-еріктік сапаларды қалыптастыруымыз тиіс деп тұжырымдай аламыз.

*Список использованной литературы*

**REFERENCES**

1. *The Law Of Knowledge". Sovereign Kazakhstan, 2007*
2. *Aitzhanova Z. "Moral Education " Primary School 2000.*
3. *Zaharov, A.I. Balalar Nevrozynyń Paida Bolýy Jáne Psihoterapiasy [Mátin] / A. I. Zaharov. M.: Karo, 2006. - 129 B."*
4. *Sardarova Zh.I. Abildina S. K., Zhalgassova A. A., Bakhtiyarova G. R., Adilshinova Z., Issabayeva D., Zhiyenbayeva S., Assakayeva D. S.,) "Features of the work organization at the main stages on the project in the primary classes" Revista on line de Política e Gestão Educacional, Araraguara, v.25.n.esp 2.P.828-841, maio, 2021.*
5. *Leont'ev A.N. Psihologiya Smysla: Priroda, Stroenie, Dinamika. – M., 2003. – 487 S.*
6. *Aliyeva K." Theoretical Foundations Of The Formation Of A Sense Of Morality " Primary School. 2004 No. 3*
7. *Nemov R. S. Psychology: In Three Volumes. Moscow, 1999.*
8. *Shishov S. E., Kalney V. A. School: Monitoring The Quality Of Education. Moscow, 2000.*
9. *Winter I. A. Pedagogical Psychology. Moscow, 2000.*
10. *Omarova L" Problems Of The Formation Of Moral Education " Primary School No. 2, 2004*
11. *Jas Psihologiasy Boiynsha Seminar: Oqý Quraly / Red. L. A. Golovei, E.F. Rybalko. – Spb.: Sóiley, 2005-688b.*
12. *.Development Of Primary School Students Through Extracurricular Educational Work // Multidisciplinary University: Patriotism, Multiculturalism And Competitiveness Of Future Specialists: Materials Of The Viii International Baikonurov Readings Conference. Two Books. The First Book. - Zhezkazgan: 2008. - P.207-211.*